

Қылмыскер тұлғасының түсінігі мен құрылымы



- қылмыскер тұлғасы ретінде сыртқы факторлар және мән-жайлар жиынтығымен қылмыстық мінез-құлық сипатына ықпал ететін, жағымсыз әлеуметтік елеулі қасиеттерді көрсететін қоғамға қарсы ниеттері орын алған қылмыс жасаған адам саналады.

- бұл анықтамада қылмыскер тұлғасы түсінігінің жалпыәлеуметтік және қылмыстық-құқықтық мазмұнының өзара байланысы көрсетіледі.

- кез келген тұлға әлеуметтік елеулі қасиеттердің дербес көрінісін, тұрмыс пен қоғамның рухани шарттарын жеке дербес нысандағы көрінісін білдіреді.

- қылмыстық-құқықтық тұрғыда қылмыскер тұлғасы туралы адам қылмыс жасаған және ол үшін кінәлі деп танылған жағдайда ғана айта аламыз.



Қылмыскер тұлғасының құрылымын көрсететін белгілер



- биофизиологиялық
- әлеуметтік-демографиялық
- психологиялық
- адами
- қылмыстық-құқықтық
- криминологиялық
- әлеуметтік-рольдік

Биофизиологиялық белгілер – қылмыскердің жынысы, жасы, денсаулық жағдайы, дене құрылысының ерекшеліктері, жүйке жүйесінің табиғи қасиеттері және т.б.



Ерекшеліктері

- адамның биологиялық болмысы – оның өзіндік ерекшеліктері мен бірегейлігін көрсететін дербестігінің қажетті шарты.

- адамның кейбір психологиялық ерекшеліктері генетикалық бастау алады. Адамның генетикалық ерекшеліктері, психофизиологиялық мүмкіндіктері оның қоршаған ортадан, өмір сүру салты мен тәрбиесінің нақты шарттарынан бойына сіңіретін әдеттеріне ықпал етеді.

- қоршаған ортадағы жағымсыз құбылыстарға генетикалық деңгейде белсенді қарсылық көрсете алу дәрежесі де үлкен маңызға ие болады.

Әлеуметтік-демографиялық белгілер

Әлеуметтік-демографиялық белгілер адамның жынысы, жасы, білімі, әлеуметтік жағдайы мен қоғамдағы орны, кәсібі, мамандығы, ұлты, материалдық қамтамасыз етілу дәрежесі, отбасылық жағдайы, тұрғылықты жері және т.б. белгілерінің жиынтығынан құралады

- қылмыскердің *жас мөлшері сипаттамасы* жас мөлшері әртүрлі топтардың криминогенді белсенділігі мен қылмыстық мінез-құлық ерекшеліктерінің қарқындылық дәрежесі туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді.
- *білімі және интеллектуалдық деңгейі* қылмыс сипатына ықпал етеді.
- ең криминогенді әлеуметтік топ болып қоғамға пайдалы жұмыспен айналыспайтын адамдар саналады, олар барлық қылмыскерлер санының үштен бірін құрайды.
- адамның отбасылық жағдайы, материалдық қамтамасыз етілу дәрежесі, тұрғылықты мекен-жайы және т.б. да криминогенді маңызға ие болады.



Психологиялық және адами белгілер

Қылмыскер тұлғасының құрылымында маңызды орын оның адами және психологиялық сипаттамасына беріледі. Бұл белгілер тұлғаның ішкі болмысын түсінуге мүмкіндік береді – оның дүниетанымы және адами қасиеттері мен мінез-құлқы, өмірлік көзқарастары, нанымы мен құндылықтары және т.б.



- адамның дүниетанымы оның жалпы даму бағытын, алдына қойған мақсатын көрсетеді, барлық әдеттері мен мінез-құлқына, әрекеттері мен бейімділігіне әсер етеді. Адам қоғамдық тұрмыс, өмір және өмірлік жолының негізгі мәселелері бойынша белгілі бір көзқарастар жүйесі қалыптасқанда ғана тұлғаға айналады.

- қылмыскер тұлғасын оның **интеллектуалды, эмоционалды және ерік-жігерлілік** қасиеттері толықтырады.

- **интеллектуалдық** қасиеттерге ақыл-есінің даму дәрежесі, білім деңгейі, көзқарастарының ауқымы, мақсаты мен мүдделерінің мазмұны мен жан-жақтылығы, өмірлік тәжірибесі және т.б. жатады

- **эмоционалды** қасиеттері адамның ерік-жігерінен, жүйке жүйесінің тұрақтылығы немесе сезімталдығынан, сезімдерінің динамикасынан, эмоционалды жай-күйінен, қоршаған ортаның түрлі факторларына сезімталдық сипатынан құралады.

- **ерік-жігерлілік** қасиеттері шешім қабылдай алу және оны жүзеге асыра алу қабілетінен, өз әрекеттері мен мінез-құлқын реттей алуынан, сабырлылығы, қайсарлығы, табандылығы және тағы басқа мінез-құлқынан құралады.

Әлеуметтік-рольдік белгілер

Қылмыскердің жеке тұлғасын сипаттау үшін оның *әлеуметтік ролі* мен *әлеуметтік мәртебесі* де елеулі маңызға ие болады.

Адамның *әлеуметтік ролі* ретінде оның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны мен белгілі бір әлеуметтік топқа жататындына қарай нақты әлеуметтік функцияларын түсінеміз.

Әлеуметтік ролі адамның *әлеуметтік мәртебесімен*, құқықтары және міндеттерімен байланысты. Әлеуметтік мәртебесіне қарай адамнан белгілі бір мінез-құлық, әрекеттер күтеміз. Өзінің ролін орындамауы адамның қоғаммен немесе қоршаған ортамен қақтығысқа түсуіне алып келеді.



Қылмыстық-құқықтық және криминологиялық белгілер

Қылмыскер тұлғасын зерттегенде шешуші маңызға **қылмыстық-құқықтық және криминологиялық** сипаттамасы ие болады



Қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттамасы тұлғаның әлеуметтік деформациясының дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның ең елеулі белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін ерекше қасиеттерін көрсетеді



Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Жалпы ережелер

Қылмыскердің **әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы** оның тұлғасының қалыптасуы және даму шарттарына тәуелді әрі олармен өзара байланыста болады; қажеттіліктері және мүдделерімен, тұлғаның әлеуметтік ролімен байланыста.

Сондықтан **әлеуметтік-демографиялық белгілер** қылмыскер тұлғасы түсінігінің елеулі элементі болып табылады және қылмыстылықтың алдын алу шараларын қабылдауға және жүзеге асыруға үлкен ықпалын тигізеді.

Жыныстық белгілері бойынша сипаттамасы

Қылмыскерлер арасында ер адамдар мен әйелдердің үлес салмағы 1:7

Соңғы жылдары әйел қылмыскерлердің үлес салмағы артып келеді. Бұл әсіресе, экономикалық қызмет саласы мен меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда байқалады.



Жас мөлшері бойынша сипаттамасы

Қылмыскерлер арасында жас мөлшеріне қарай зерттеулер қылмыстық ең белсенді топ ретінде 25-29 жас аралығындағы адамдарды көрсетеді. Кейінгі орынға 18-24 жас арасы, 14-17 жас арасы, 30-40 жас арасы алады. 50 жастан асқандардың белсенділігі ең төмен болып саналады.



Қылмыскерлер арасында кәмелетке толмағандардың үлесі жыл сайын артып келеді. Кәмелетке толмаған қылмыскерлер арасында 14-15 жастағылардың белсенділігі ерекше (33 пайызы).

Білімі бойынша сипаттама

Қылмыс жасаған адамдардың *білім деңгейі* криминологиялық маңызға ие болады, себебі бұл көрсеткіш адамның мәдениетімен, әлеуметтік мәртебесімен, қоршаған ортасымен, өмірдегі мақсаттары және оған жету мүмкіндіктерімен байланысты. Қылмыскерлердің жалпы білім деңгейі адал өмір сүретін адамдарға қарағанда біршама төмен.

Зорлық-зомбылық (адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр жарақаттар салу), пайдақорлық-зорлық (тонау, қарақшылық) қылмыстары және ұрлық жасаушыларға білім деңгейінің төмен болуы тән болып табылады.



Бөтеннің мүлкін жымқыру немесе талан-таражға салу, қызметін теріс пайдаланушылар, лауазымды қылмыскерлер және экономикалық қылмыс жасаушылардың арасындағы білім көрсеткіші ең жоғары болып саналады.

Отбасылық жағдайы бойынша сипаттама

- қылмыс жасаған адамның отбасылық жағдайы мен оның өзгеруі де тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, белгілі бір дәрежеде қылмыстық мінез-құлықтың бағыты мен тұрақтылығына себеп болады.



- Жалпы алғанда отбасылы адамдарға қарағанда бойдақтар мен жалғызбастылар арасында қылмыстылық деңгейі жоғары болып келеді. Көп жағдайда адамның жанұясы жағымды мінез-құлыққа әсер етеді, әлеуметтік бақылау функциясын орындайды.



- отбасындағы тәрбие кәмелетке толмаған қылмыскер тұлғасының қалыптасуына, отбасылық ұрыс-керістің тұрмыстық қылмыстылыққа әсері криминологияда терең зерттелген мәселе болып табылады.

Әлеуметтік жағдайы мен кәсібі бойынша сипаттама

- қылмыскерлерге олардың әлеуметтік жағдайы мен кәсібіне қарай отырып сипаттама берген кезде тұрақты жұмысы не кәсібі жоқ адамдардың үлес салмағы басым екенін атай кету керек.



- 100 00 адамға шаққанда жұмысшылар, қызметкерлер, оқушылар арасындағы қылмыстылық коэффициентінде елеулі айырмашылықтар жоқ.

- қылмыс жасаған адамдар арасындағы олардың үлесі 50 пайызға жуық. Әсіресе, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін қара жұмыста еңбек етушілердің саны басым. Олардың жоғары білімі жоқ, мәдени деңгейі төмен, қажеттіліктері мен мүдделерінің қарапайымдылығы мен ауытқушылығы тән болып келеді.

